

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
экономика ғылымдарының
докторы, профессор, академик:

– Мемлекетіміз әу бастан «алдымен экономика, сосын саясат» қағидасын ұстанды. Бұл қаншалықты нәтижесін берді?

– Кеңес үкіметі тарағаннан кейін біз нарық экономикасына дайындығымыздың жоқтығына қарамастан көшіп кеттік. Ол өзі керемет қозғалыс болды, бірақ, терең ойластырылмаған нәрсе еді. Кеңестік идеологияны бір сәтте лақтырып жіберіп, нарық экономикасына көшу оңай соқпады. Нарыққа көшсек жағдайымыз бірден жақсарып кететіндей ойда болғанымыз жасырын емес. Сол кезде бұл ойласпаған шаруа болғанына қазір енді-енді көз жеткізіп келеміз. Бірақ, біз жалғыз қала алмадық. Өйткені, нарықтық экономикаға Ресей, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстанның бәрі көшіп жатқанда, жалғыз қайда барасың?!

1992 жылы осындай аумалы-төкпелі кезеңде үлкен басшылардың деңгейінде өткен бір кеңесте ойласу керектігін, бәрін қиратуға болмайтынын, реформа революция еместігін, экономикалық реформа жорғаның жүрісіндей болып, бұрын жинағаныңды шашпай-төкпей алға жылжу қажеттігін айтып, Қытайды мысалға келтірдім. Ол кезде Халық шаруашылығы институтында ректор болатынмын. Дегенмен, барлық мемлекет бетбұрыс жасағаннан кейін, біздің Үкімет те қалыс қала алмады және Президентіміз де тезірек өтуіміз керектігін ескертті. Бәрі де дұрыс-ақ. Алайда, бұл Кеңес Одағы тарап, тәуелсіздігін алған елдер үшін дұрыс құбылыс болмады. Бұдан кейін посткеңестік елдердің экономикасы күйрей бастады. Совхоз бен колхоздар тарап, кәсіпорындар жабылып, баға өсіп кетті. Халықта не тауар, не ақша жоқ, тұрмыс күрт қиындады. Осындай жағдайда қарны аш халыққа саясатың да, реформаң да жүрмейтіні белгілі. Сондықтан, алдымен экономиканы көтеріп, халықты тойдырып, жағдайын дұрыстайық, саяси және басқа өзгерістер содан кейін барып жасалуы керек деген түйінге тоқтады. Бұл дұрыс ұстаным еді. Тоқсаныншы жылдардың соңынан бері қарай жағдай оңала бастады. Елдің ахуалы кереметтей болып кетпесе де, бұрынғыдан гөрі біршама түзелді. Елбасының «Алдымен – экономика, содан соң – саясат» дегені осы. Мен де осы саясатты қолдадым. Өйткені, аш-жалаңаш елге қолданған саясат теріс айналып, кері сипат алып кетуі мүмкін. Бұған басқа мемлекеттердегі оқиғалар дәлел. Қазір енді саяси реформаларға да дұрыс көзқараспен қарайтын кез келді. Жалпы, экономикалық және саяси реформалар қатар жүруі, бірі тым ілгері кетіп, екіншісі артта қалмауы, таразының екі басы секілді тең тұруы керек. Қазір ептеп саяси реформаға да келіп жатырмыз. Бұрын Парламент бір ғана партиядан құралса, бүгінгі күні оппозициялық көзқарастағы партия мүшелеріне де орын берілді.

– Бір сұхбатыңызда «кей ауылдарда әлі күнге дейін әлеуметтік мәселелер толық шешілмей келеді» дегеніңіз бар. Экономикамыз дамып келе жатқанымен, расында, ауылда да, қалада да әлеуметтік мәселелердің шешілмеуі неліктен?

– Шынында, ауыл өркендемей, Қазақ елі ешқашан өркендемейді, өркениетке жете алмайды. Ұлтымыздың негізі, тұғыры ауылда жатыр. Қалай болғанда да, ең алдымен ауылды дұрыстауымыз керек. Нарық экономикасы ауылға көптеген шығындар алып келді. Осыдан 4-5 жыл бұрын Президентке ауылдың ахуалын арқау етіп хат жазып апардым. «Елдегі шаруа қожалықтары мардымды ештеңе жасай алар емес. Ауылда тұратын ағайындар онымен мемлекет түгіл, өзін-өзі асырай алмай жүр. Енді осы қожалықтардың басын біріктіретін кез келді. Себебі, жеке-жеке отырып ешқандай да тиімді шаруа

жүргізген жоқ. Бір жағы оған жердің де, халықтың да, техникамыздың да жағдайы келмеді. Сондықтан, өндірістік кооператив етіп құру қажет. Жалпы, ұжымдасып өмір сүру халқымызға тән нәрсе. Бұрын бір ауыл болып қауымдасып, біреуі сол ауылдың шөбін шауып, бірі егінін жинап, екіншісі басқа шаруасын істейтін еді. Ал, шаура қожалықтары шаруасын дөңгелете алмағанын көрдік. Өйткені, жерлерінің көлемі аз және техника ала алмайды. Жердің бәрін телім-телім етіп алғандықтан, оған малын да жая алмайды. Әрине, үкімет ауылға көмектесіп, қаржы бөліп-ақ жатыр. Бірақ, оның барлығы құмға сіңген су секілді. Сол себепті, шаруа қожалықтарының басын біріктірейік, өндірістік кооператив құрайық». Хатымның жалпы мазмұны осындай сарында болған-ды. Менің олай деуіме қозғау салған, өзім куәсі болған Германияның шаруашылық басқару тәжірибесі болды. 1996-1998 жылдары Германияның шетелдермен қарым-қатынас жасайтын қоғамының шақыруымен өкіл болып барып, ауыл- шаруашылық саласы бойынша тәжірибе алмасқанымыз бар. 1939 жылғы үлкен соғысқа дейін оларда жер кадастры болған және сол кадастр сақталып келген. Шығыс Германия Батыс Германиямен қосылған тұста әлгі кадастр бойынша жерлерді иелеріне бөліп берген. Иелері дүниеден өтіп кеткен жер телімдерін ұрпақтары иемденген. Сонда таңғалғаным, жер иелерінің 85 пайызы кооперативте қалған да, 15 пайызы ғана жеке шаруашылық қожалығы болған. Әрине, оларда жеке шаруа қожалығын құруға бізге қарағанда мүмкіншілік өте көп. Бізге де осынау сайын далада тек ұжымдасып өмір сүру қолайлы дер едім. Ауылдардағы шаруа қожалықтарының ішінде табысқа жетіп дамып жатқандары да жоқ емес. Соның өзінде оларды да қолдап-қуаттап отыру керек. Алайда, үкіметтің статистикалық есебіндегі жұмыссыздардың немесе өзін-өзі жұмыспен қамтып жүргендердің дені ауылда. Міне, солардың басын біріктіріп кооператив құрған жөн. Басшысын сайлауды, табыстарын қалай бөлуді өздеріне қалдырып, нарыққа көшкеннен кейін еркіндік берген артықтық етпейді. Тек бас қосып, бірігіп жұмыс істеулеріне қол ұшын созып отыру қажет. Елбасы да соңғы кездері ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіру мәселесін көтеріп жүр. Бұл жағынан ол кісімен пікіріміз бір арнада тоғысқан секілді. Ауылдағы кадр мәселесі де шешілмеген күйі қалды. Қазақстанда 8 мыңның үстінде мектеп болса, соның төрт мыңы бұрынғы колхоздың немесе ауданның орталығындағы емес, ауыл бөлімшелеріндегі мектептер. Аталмыш білім ошақтарына баратын жол нашар, тамағы да, тұрмысы да, басқасы да қиын жағдайда. Осыдан соң қандай дұрыс мұғалім ол жерде сабақ береді?! Жақсы мұғалім ол жерде тұрақтамайды. Байланыс жүйелері бірде істеп, бірде істемегендіктен, алған техникаларын дұрыс пайдалануға мұрша жоқ. Бұдан кейін білімді бала қайдан шығады?! Ол жақтан дұрыс білім алмаған баланы жоғары оқу орнынан заман талабына сай маман етіп дайындап шығара алмайсың. Себебі, білімінің негізі, іргетасы дұрыс емес. Елдегі білім сапасын көтеріміз десек, алдымен ауыл мектептерінің мәселесін шешу керек. Бұл үшін аудандардан жаңағы ауыл балаларын оқытатын үлкен орталықтар, интернаттар құрған жөн. Сонда жұмыс істейтін мұғалімдердің жалақысын көтеріп, бүкіл керекті құрал-жабдығын орнатып беру қажет. Бір сөзбен айтқанда, Алматы мен Астанадағы баланың жаңалықтарды білуге, білім алуға, білім алудың шетелдердегі озық үлгілеріне қол жеткізуге қандай мүмкіндіктері болса, дәл сондай мүмкіндік ауыл баласына да жасалуы тиіс. Ауылға сапалы білім, оның артынан сапалы маман сонда ғана келеді. Ауыл бүгінгі күні тек экономикаға ғана емес, мықты маманға да мұқтаж. Әрине, ептеген шаралар жасалып, ауылға барған жас мамандарға бір реттік қаржылай көмек, үй беру секілді қолдаулар жоқ емес. Оның бәрі дұрыс, бірақ жеткіліксіз. Ауылға алдымен жақсылап шаруашылық жүйесін құрып беруіміз қажет. Ол мемлекеттің қаржысын қажет ететіні сөзсіз. Министрліктегілер ауылға жастардың, білікті мамандардың барғысы келмейтінін айтады. Рас, бір жағынан, жалқаулау елміз. Бірақ, ынталандыру деген болады ғой. Ұжымды құрсын, соған елді ынталандырсын. Несиесін, басқа да көмегін көбірек берсін. Сонда оларда ынта туады. Ауылға барудан үзілді-кесілді бас тартып жатқан ешкім жоқ. Жағдайын дұрыстауға әркім мүдделі, ынталы.

– Целиноград ауыл шаруашылығы институтын басқарған тұста биотехникалық

орталық ашқаныңыз, онда бір бидайдың жаңа 4 түрін шығарғандарыңыз, малдың аусылына қарсы дәрі де ойлап тапқандарыңыз мәлім. Қазір ауыл шаруашылығында биотехнологияның жетістігін қолдану, жаңағыдай шаруашылықты ғылыми зерттеудің негізінде жүргізу бар ма?

– Кеңес Одағы бойынша бас-аяғы 6 биотехникалық орталық ашылса, соның бірін облыс орталығы Целиноградтан аштық, қалған бесеуі де ел астаналарынан орын тепкен болатын. Онда бидайдың жаңа түрлерін шығардық, малдың да асыл тұқымын шығаруға ден қойып, тіпті пробиркадан алғашқы бұзауларымызды да алып едік. Өкінішке қарай, мен осында кетіп, артынан үлкен дағдарыс басталып, бәрі де болмай қалды. Қазір де үлкен биотехнологиялық орталық салынууда. Жыл аяғына дейін бітуі тиіс көрінеді. Бұл өте маңызды. Өйткені, егіннен орта есеппен алатын – 10, ары кетсе 15 центнер өніммен немесе сиырдың жылына беретін ары кетсе екі жарым мың литр сүтімен біз ешқашан ауылдың еңсесін көтере алмаймыз. Мұндай еңбек өнімділігі ауылға көмек, табыс болып жарытпайды. Батыс елдерінде гектарынан 60 центнер түсім алады. Олай болмаған күннің өзінде, ауылды өркендетеміз десек, кемінде гектарынан 30-40 центнер өнім, бір сауын сиырдан аз дегенде 5 мың литр сүт алуымыз керек. Бірде Үнді еліне биотехнологияның жетістігін енгізіп, ауыл шаруашылығын жақсы дамытқан, өзі Нобель сыйлығының лауреаты болып табылатын үлкен ағылшын ғалымымен сөйлескен едім. Ол сонда тек биотехнологияның негізінде дәнді дақылдардың өсімі өсіп, малдары асылдана бастағанын айтты. Мысалы, Қытай елі де бұрын жеуге тамақ таппай қалатын елдің бірі еді ғой. Қазір алып көршіміз де биотехнология жетістіктерінің негізінде ауыл шаруашылығын қайта жаңғыртты. Бүгінгі күні Қытай бір жарым миллиардтан астам халқын асырап, онымен қоймай артылғанын бізге сатып отырғаны шығар күндей шындық. Қытай күрішінің сапасы жақсы екенін, оның қасында біздің күріштің өтімсіз екенін елдің бәрі біледі. Мұның бәрі биотехнологияның арқасында мүмкін болған нәрсе. Біз де сайын даламызға егін егіп, одан жақсы өнім алу үшін, мал өсіріп, асыл тұқымнан көп пайда табу үшін осыны қолға алуға тиістіміз. Өйткені, биотехнология – біздің келешегіміз және бұл күннен-күнге дамып, тереңдеп келе жатқан ғылым. Оның халыққа беретіні көп. Ғылымның алдыңғы қатарындағылар – генетика, биология және биотехнология. Осыларды дамытуға бүгінгі күні мүдделіміз.

– Еуразиялық экономикалық одақ құру жөніндегі келісімге қол қойылды. Ол жайлы әртүрлі пікірлер айтылып жатыр. Сіздіңше, одақтан Қазақстанның ұтар және ұтылар тұсының қайсысы басым?

– Біз жалғыз, көрпемізді қымтап, ешкіммен араласпай отырған ел емеспіз. Бүкіл дүниежүзі бір-бірімен жақындасуда. Жаһандану үрдісі тек үлкен мемлекеттерге ғана емес, барлығымызға ортақ. Сондықтан, экономика жағынан бір-бірімен жақындастық, аралас-құраластық өте дұрыс дүние. Бұл жағынан қолдауға болады. Дегенмен, қандай келісімшарт немесе одақ болсын тәуелсіздігіңе, мемлекетіңнің дербестігіңе нұқсан келтірмеуі керек. Еуропаның ойшылдары қазіргі Еуроодаққа көптеген жылдар бойы дайындалған. Тарихтан мәлім, бір-бірімен қырғиқабақ Франция мен Германия алдымен көмір және темір одағын құрды да, артынан ол үлкен Еуроодаққа айналды. Оның келешегі қалай болатындығы жөніндегі күмән арқалаған сауалға Еуроодақты құрушылар «одақтың шарты қанша мүмкіндік берсе, соған дейін тереңдетіледі, бірақ ешқашан да еш мемлекеттің тәуелсіздігіне қол сұғылмауы керек» деп жауап қатыпты. Жақында ғана өткен экономикалық форумның бір сессиясында мен де осыны айттым. Алайда, осы жағынан жанға медет болатыны, Мемлекет басшысының ешқашан да Тәуелсіздігімізге қол салуға жол беретін шартқа бармайтыны және ешкімді барғызбайтыны жөніндегі батыл сөзі. Бір ақиқаты, біз Ресеймен тепе-тең емеспіз. Оның экономикасы Қазақстан экономикасынан он есе артық. Сондықтан, кей кезде үлкен адам үлкендігін жасап кетуі де мүмкін. Оған жол бермейтін жалғыз амал – келісім. Мен осы мәселе төңірегінде, яғни, бәрі келісіммен болуы керектігі, пайызбен шағуға болмайтындығы жөнінде Ресей мен Қазақстанның министрлері, ғалымдары бас қосқан жиында қатты айтысып-

тартысқандардың бірімін. Себебі, біз көнсек, олар әр уақытта жоғары пайыз алып отырмақ. Сол себепті, бәрі келісімді түрде орындалуы тиіс. Интеграцияны үкімет немесе министрлер емес, халық не болмаса кәсіпкерлер жасайды. Екі елдің кәсіпкерлері өздеріне керекті дүние төңірегінде алыс-беріс орнатады. Осы екі арада ортақ келісім болуы қажет. Екінші тарап «тауарыңды маған тек мына бағада бересің» деген шарт қоймауы тиіс. Ешқандай саясаттың болмауы керектігі – үшінші талап. Еуразиялық одаққа кіруімізге байланысты халықтың қобалжығанын білемін, әлі де күдігі көп. Әзірге аяқ алысын байқайық. Егер келісілгендей болмай жатса, шу көтеретін, дабыл қағатын уақыт та болады. Одан біз тартынып қалмаймыз. Сонда да менің көкейіме қонбаған жері – Ресей тарапы аталмыш одаққа кіргенде өздерінің және біздің табатын табысымыздың бәрін есептеп, зерттеп, талдап қойған. Мұны Ресей Президенті Владимир Путиннің аймақтық экономикалық интеграция бойынша кеңесшісі Сергей Глазьев пен құрып отырған Еуразиялық Одақтың комиссия төрағасы Виктор Христенко бастапқыда елімізге келіп, біздің бірнеше министрмен өткізген басқосуында айтты. Сонда депутат болып жүрген мен де шақырылдым. Ал, бізде ешқандай экономикалық зерттеу, тиімді-тиімсіз тұсын сараптау жоқ. Сол жерде министрлерден неге мұны жасамайтындықтарын сұрағанымда, бәрін есептеуге, талдауға уәде берген. Бірақ, әлі күнге дейін жоқ. Кейбір министрліктер шағын есептер жасаған болады. Ал, ғылыми негізде ғалымдардың қатысуымен жан-жақты сарапталған есеп жоқ.

– Білім сапасын жақсарту мақсатында жоғары оқу орындарын қысқарту, біріктіру шаралары жүргізілді және соңғысы – оларға автономия беру керектігі сөз болуда.

Соған қарамастан, білім жүйесі сыннан арылар емес. Бұған не дейсіз?

– Мемлекет жоғары оқу орындарына бюджетінің 0,2 пайызын ғана бөледі. Басқа елдер одан 4-5, тіпті кей мемлекеттер 10 есеге көп бөледі. Мінеки, мемлекеттің салаға көзқарасы. ЖОО-ға көмектесу жоққа тән. Министрлер де қуыршақ секілді ауысады. Күні бүгінге дейін осы салада 7-8 министр ауысып үлгерді. Орта есеппен алғанда, бір министрдің қызмет еткен мерзімі екі жылға да жетпейді екен. Бұл неғылған тұрақсыздық? Үшіншіден, аталмыш министрлік басқаруы өте қиын ұжымға айналды. Кеңес Одағы тұсында Қазақстанда оқу министрі, жоғарғы оқу министрі, орта кәсіби мамандық беруді бақылайтын мемлекеттік комитет, ғылым мен техника жөніндегі мемлекеттік комитет және Ғылым академиясы дегендер болды. Екеуі ғылыммен, қалғаны білімнің әр саласымен жеке-жеке айналысқан. Тәрбие тізгіні Орталық комсомол комитетінің қолында тұрды. Қазір осы бесеуін бір жерге қосақтап қойдық. Министрдің оның әрқайсысымен айналысуға уақыты да жоқ. Сондықтан, саланы басқару жүйесін қайта құру керек. Мектеп өз алдына жеке министрлік болып, ғылым туралы мемлекеттік комитет те құру қажет. Өйткені, қазір кім көрінген бюджеттің қаржысын ғылымға алып кетіп жатыр. Ал, қосып жатқан ештеңесі жоқ. Ол аздай, бір тақырыпты бірнешеуі қайталайды. Осы арада маңызды бағыттарды анықтап отыратын, не болмаса үкіметтің барлық мүмкіншілігін ұйымдастыратын мекеме жоқ.

Докторлық пен кандидаттық дәрежесін заман талабына сай келмейді деп тоқтатып тастағанымызға бесінші жылдың жүзі болды. Оның орнына енгізілген PhD докторлық тек қана мемлекеттің бюджетімен дайындалады. Ол бойынша әрбір ЖОО-ға бір-екі орынға ғана қаражат бөлінеді. Басқаларға қаражат салып дайындауға рұқсат жоқ. Жарайды, мемлекет өз қалтасына қарай көмектесуде делік. Енді сол докторларымыз кімдер деген сауал туады ғой. Жоғары оқу орнына 18 жасында келіп түскен түлек 4 жыл бакалаврлықты, одан соң бір жыл магистратураны оқып бітіреді, сонда 23 жасқа келе ме, бұдан кейін 3 жыл докторантураны оқып аяқтайды. Сөйтіп, небәрі 26-27 жасында ғылым докторы атанады. Есесіне, өмірден көрген-түйгені аз, теория жүзінде білгені болғанымен, тәжірибесі жоқтың қасы. Ертең олар жоғары білім жүйесіне не жаңалық, өзгеріс алып келеді?! Шетелде мұның тетіктері қарастырылған. Бакалавр мен магистратураның, магистратура мен докторантураның арасында бірнеше жыл ізденістен, тәжірибеден өту міндеттелген. Бізде мүлдем басқа, бәрін тоқтаусыз бірінен соң бірін бітіріп шығады.

Менің көңілім толмайтыны осы. Бұған қатысты жақсы жүйе құру керек. Біздің халық ғасырлар бойы білімге сусындауды армандаған халық. Тарихта аты қалған абыздардың әңгімелеріне қарап отырсаң, бәрі де өзі оның не екенін білмесе де, білімді шаңырақ басына көтерген. Айта кететін нәрсе, отаршылдық кезінде бізге дұрыс білім келген жоқ. Одан бұрынғы замандарда да болмады. Кеңес өкіметінің тұсында білім де, ғылым да келді. Қазақстан ел ретінде өте жақсы көтеріліп қалды. Енді Тәуелсіздік тізгіні қолына тиген елміз. Қазір шет мемлекеттерде шамамен жылына 40 мыңнан астам жас білім алуда. Оқи алмай қайтып келетіндері ілуде біреу. Басқасы оқып жатыр. Соған қарағанда, бір кездері бізде орта мектеп жаман білім бермеген деген ойға келесің. Менің есебімше, соңғы 20 жылда кемінде 400 мыңдай бала шетелде оқып келді және ары қарай бұл сан көбейе беретіні даусыз. Яғни, білімнің негізінде сатылап өскен қазақтың ары қарай да өсуге мүмкіндігі бар. Сондықтан, бұған барынша жағдай жасау қажет. Сонда біз дамыған 30 елдің емес, одан да аз елдің қатарына кіре аламыз. Өйткені, халықтың білімге, ғылымға ынтасы өте зор. Еліміздегі екі отбасының бірі ішер асынан жырып беріп, баласын оқытуда. Өзі аш жүрсе де, ұл-қызын оқуға жібереді. Бұл керемет дүние ғой. Біз осыны жақсы, ұтымды пайдалана алсақ игі.

– Заң жобалары талқылауынан өтетін Мәжілістің 3-4 шақырылымының депутаты болдыңыз. Сондықтан, сұрай кетейін, қазір Парламентте талқыланып жатқан заң жобаларына қаншалықты құлақ түріп отырсыз?

– Менің салам басқа болғандықтан, кодекстерге аса көз сала бермеймін. Тілегім, заң әділетті, ашық болуы және оны орындайтын тиісті орындар тек заңның жолымен жүруі керек. Заң жобасы дегеніміз – үлкен ғылым. Оны сараптайтын адамдар бар. Менің пікірім, тек әділеттілік шет қалмасын. Қазір заңгерлеріміздің деңгейі едәуір өскен. Ішінде өз үлесін қоса алатын ойшылдары да жоқ емес.

Қазақ – нағыз әділетті заң мен сот, билік жүйесін құра білген халық. Баяғы билер соты қазақтан басқа елде болған емес. Қарапайым елден шығып, қара қылды қақ жарған билердің әділдігі қаншама ғасыр біздің бойымызда болды. Марқұм Салық Зиманов өмірінің соңына дейін осыны зерттеп-зерделеп, қазақтың бірнеше Ата Заңдарын шығарып кетті. Оны ағылшын тіліне аударып, шет мемлекеттерге де жіберді. Мен бірде АҚШ-қа барғанымда сенаторларымен кездестім. Сонда ішіндегі өзі заңгер біреуінің «әр елдің әлем өркениетіне қосқан үлесі болады, мен көптен бері осы Қазақстан қандай үлес қосты екен деп ойланып жүруші едім, сіздердің әлем өркениетіне қосқан озық үлгілеріңіз баяғы билер соты екен-ау, біз мұны білмеппіз» дегені есімде. Заңның әділеттілігіне келсек, қазір қылмыс көбейіп кетті. Сол себепті, жаза дәлелді, дәйекті, ашық та әділетті болуы тиіс. Жемқорлық дегеніміз – құрсау. Ол экономика мен саясатты да, кәсіпкерлерді де қатты құрсап алды. Құрсаудың ішінде отырып өнімді, тиімді жұмыс істей алмайтының анық. Құрсаудан шығу үшін онымен күресу керек. Қылмыс жасағанның ешқайсысы жазасыз қалмауы тиіс. Себебі, мұны тоқтатпасақ өріс алып кеткені жасырын емес. Қатты қорқатыным, онымен жастар, келер ұрпақ ауызданып барады.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Сәкен ОРЫНБАСАРҰЛЫ, «Заң газеті» ,

<http://zangazeti.kz/kaz/articles/7982>